

Әкімдіктің 2016 жылғы 4 наурыздағы № 99 "Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және жүргізуді мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы орындайтын жұмыстарды айқындау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 188 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 23 мамырда № 6395 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2017 жылғы 10 сәуірдегі № 183 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 10.04.2017 № 183 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27, 37-баптарына және "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің 2016 жылғы 4 наурыздағы № 99 "Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және жүргізуді мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы орындайтын жұмыстарды айқындау туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6228 болып тіркелген, 2016 жылғы 2 сәуірде "Қостанай таңы" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген қосымшадағы:

"

2	"Қостанай ауданы Заречный ауылының "Северный" шағын ауданында екі 48 пәтерлі тұрғын үйлерге инженерлік тораптар" нысаны бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары
---	---

".

;

"

4	"Заречный ауылының "Северный" шағын ауданында көп қабатты құрылыстың газ қазандығы" нысаны бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары
---	--

"

деген жолдар алынып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қостанай
облысының әкімі*

А. Мұхамбетов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК